

Kazakh transcript:

Ең үлкен мереке – ол жастардың үйлену тойы. Жастардың ғана деп айтуға тура дәл болмайтын шығар. «Неге?», десеңіз, одан да үлкен адамдар да үйленеді. Мысалы, отыз жастағы, қырық жастағы, елу жастағы адамдар да үйленеді. Сол үшін үйлену тойы деп айтса дұрыс болатын шығар. Үйлену тойы басталатыны – бұл құда түсуден басталады. Екі адам үйленеміз дегеннен кейін бұның бәрін туыстары отырып шешеді қай уақытта той жасаса дұрыс болады өздері мөлшері. Содан кейін құдалыққа баратынын шешеді. Жаңағы ұлдар жақтан құдалар жиналады. Ол құдалардың сандары әртүрлі (Қазақстанның әрбір облысында әртүрлі болады). Ол бес кісі, бес кісіден көп адамдар болады, он кісі болады, жиырма кісі болады. Құдалар үлкен қоржындарын жинайды. Қоржындардың іштеріне тағамдарын салып, шамаданның ішіне құдағиға, құдаға жаңағы келін баланың туыстарына арнайлы силықтар салынады. Жағалы киім деп айтылады. Жағалы киімдерден бұл пальто, алтын сырғалар, дүзік және басқа силықтар салынады. Сонда ең үлкен адамдарға бірінші ретінде салынады үлкен силықтар. Содан кейін жаңағы құдалар келін баланың үйіне құда түсіп келеді. Құда болып барған күндері белгілі болып тұрады. Жаңағы келін баланың үйіне. Олар да өзі көп дайындалады. Құдаларға малдарын сояды. Оған құдалар баталарын береді. Бір-бірімен танысып, бір-бірлерін біліп бірінші. Ұлдың және қыздың әке шешелері, туыстары тойды қай уақытта өткіземіз, қалай өткіземіз. Балалардың болашаға туралы бірінші әңгіме қояды. Соны шешеді. Содан кейін құдаларды күткеннен кейін құдалар аттанады. Олар аттанған кезде оларды өлеңмен, домбыра шертіп шығарып салады. Содан кейін үйленетін тойдың күні белгілі болады. Бір той өткізілмейді, екі той өткізіледі. Бір той қыз жағынан болады, екінші той ұл жағынан. Бірінші қызды ұзатады. Қызды ұзатқан деген – ол қыз жағынан той болады. Сол жақтан қызды шығарып салады. Күйеу жақ тойға келеді. Бір неше машинаға қонақтар отырып машинаны гүлдермен, шарлармен, ленталармен әдемілеп қыздың үйіне күйеу жақ келеді. Сонда машина келе жатқан кезде кішкентай балалар, жас әйелдер арқан тартады. Екі бала екі жақтан арқанды ұстап өткізбей тұрады. Өту үшін машинада отырған кісілер шығып ақысын төлеу керек. Ол біраз ақша береді жаңағы балаларға. Балаларға ол қызық, ал үлкендерге ол дәстүр. Оның бәрі қызық, күлкі. Содан кейін басқа да неше түрлі сымдар қойылады күйеу жаққа. Мысалы, қазір жастар неше түрлі қызық нәрселер ұйымдастырады. Мысалы, бұл жұмбақты шешсең, сонда кіресің үйге. Мына өлең айтып беруін керек. Не болмаса, мына би билеп беруін керек деп неше түрлі алдына жоспарлар қояды. Сол жоспарларды орындағаннан кейін ғана кіргізеді. Не болмаса, тағыда басқа қызық нәрселер жасалынады.

English translation:

The largest celebration is a wedding of young people. I guess you can't say just young people's wedding because older people also get married... For example, 30, 40, and 50 years old people also get married. I think that's why calling it just a wedding is more

appropriate. Everything starts with an engagement. Once two people decide to get married, their relatives get together to make certain decisions...when is the right time to have the wedding. Then the decision is made about going to *kudalar*¹. The *kudalar* from the groom's side gathers. The number of *kudalar* differs. In different parts of Kazakhstan there are different numbers (of *kudalar*). It can be (a group of) five people...more than five, ten, twenty people is also possible. The *kudalar* prepares large *korzhyndar*². The treats are put into *korzhyndar*. Presents for the mother and father of the bride and her relatives are put in a suitcase. The outerwear clothes... from the top layer clothes there is a winter coat... gold earrings, a ring, and other presents are put in. Thus, the most important people get the best presents first. Then, groom's *kudalar* arrives to the bride's house to make a marriage proposal. The date to visit the bride's house is known in advance. (Bride's side) They also prepare a lot. The bride's *kudalar* slaughters their own livestock. The groom's *kudalar* gives their blessing. First, they introduce themselves and get to know each other better. The parents of the bride and the groom decide when and how to have the wedding. First, the children's (bride and groom) future is discussed. It is decided. Then, after they have honored the groom's *kudalar*, the bride's *kudalar* has to consent. After they have consented, they see the groom's *kudalar* off with songs and playing *dombyra*³. Then the day of the wedding is set. Not one, but two wedding parties are held. One party is held by the bride's side and another one is by the groom's side. First, they see off the bride. Seeing off the bride is the girl's wedding party. The bride's side sees off the girl. The man's side arrives for the girl's wedding party. The guests from the groom's side get into several cars decorated with flowers, balloons and ribbons and arrive at the girl's house. So, when the cars arrive, little kids and young women pull a rope (across the road). Two kids hold each side of the rope and don't let it (the car) go through. To pass, people in the cars have to pay money. Somebody gives a little bit of money to the kids. For the kids it's an entertainment and for the adults it's a tradition. All this is interesting and fun. Then other kinds of obstacles are put in front of the groom. For example, nowadays, young people organized different interesting things. For example, only if you solve a riddle you can get into the house. A certain song needs to be sung or a certain dance needs to be danced, thus, this way different obstacles are put in front of him. Only after all these requirements have been satisfied would he be let in. Or other interesting things are done.

About CultureTalk: CultureTalk is produced by the Five College Center for the Study of World Languages and housed on the LangMedia Website. The project provides students of language and culture with samples of people talking about their lives in the languages they use everyday. The participants in CultureTalk interviews and discussions are of many different ages and walks of life. They are free to express themselves as they wish. The ideas and opinions presented here are those of the participants. Inclusion in CultureTalk does not represent endorsement of these ideas or opinions by the Five College Center for the Study of World Languages, Five Colleges, Incorporated, or any of its member institutions: Amherst College, Hampshire College, Mount Holyoke College, Smith College and the University of Massachusetts at Amherst.

© 2003-2009 Five College Center for the Study of World Languages and Five Colleges, Incorporated

¹ Group of relatives and friends from groom's or bride's side.

² *Korzhin* : literally "sack". But in this situation it means that *kudalar* prepare a lot of presents;

³ *Dombyra* – national musical string instrument